


Өз мемлекетімізге өзіміздің жаңымыз

ашымаса...

Елдің әлеуметтік-экономикалық жағда-йын жақсарту мақса-тында соңғы уақытта көптеген іс-шаралар қолға алынып жатыр. Тың жобалар, тенденсі жоқ бағдарламалар... Бірақ, неге екенін кім білсін, қанша жерден жаңа жобалар жасап, іске білекті сыйбанып кірісіп кетсек те бір нәрсені еңсеріп тає-тағанымыз байқал-майды. Сол баяғы өгіз аяң, мимырт жүріс...



Әсіресе, ұлттық идеологияны қалыптастыру жолындағы жұмыстардың шалалығы кешегі қаралы қантарда анық байқалды. Ел Тәуелсіздігін алғанына отыз жылдан асты. Осы жылдары біз нeden ұттық, нeden ұтылдық? Жасыра-тыны жоқ, біз еткеннен сабак аудың орнына оған тас атумен болдық. Қеңестер Одағы құрамындағы жетпіс жылды түкке алғысыз етіп, ол дәүірді қалай да қаралай түсуге үмтүлғандаймыз. Бұл жерде біз келмеске кеткен қеңес екіметін аңасап отырған жоқпаз, бірақ оны жамандағаннан жақсы болып кеткен жеріміз қайсы? Коммунистік жүйенің зардаптары да аз болмады, үйренетін тұстары да жоқ емес еді. Тәуелсіздік алған 30 жылда біздің де жіберген кемшілігіміз көп болды. Әлеуметтік мәселелер бұрыннан айтылып жүргенін білеміз. Бірақ, оның не үшін айтылып жатқанына, қалай шешуге болатынына ой жібермедік. Дұрысы білгіміз, бас катырғымыз келмеді. Одан да ез жағдайымызды жасауға, ертерек қарпыш қалуға асықтық. Қоғамдағы әлеуметтік, тұрмыстық, тәрбиелік проблемалар жыл еткен сайын үлғая берді. Содан бір күні жараның өзегі жарылды. Адамдар тер тегіп жұмыс істеудің орнына онай олжа табуға дағыла-нып алды. Ауырдың үстімен, женілдің астымен жүргіміз келеді.

Жалпы, өмір көрсетіп отырғандай, ұсақ-түйек қыл-мыстардың көпшілігі жұмыс-сыздықтың салдарынан, бала-шағасын асырау мұк-таждығынан шығады екен. Оны өз сезінде еліміздің Президенті де айтты. Тәуелсіздік жылдары байлар мен кедейлердің аражігі тым алшақтап кеткенін де еріп жүрміз.

Айталық, осыдан он шақты жыл бұрын елде елуден

астам мемлекеттік даму бағдарламасы жұмыс істеп тұрған екен. Оның ішінде отыздан астамы экономиканың әртүрлі секторларына тіке-лей қатысты болса, қалғаны коррупциямен, терроризммен күрес секілді экономикалық емес бағдарламалардан құрылған. Алайда, осы қаптаған даму құжаттарын онтайландыру бағытындағы жұмыстардың қорытындысы жүртшылықта жария етілмейді. Мемлекеттен миллиондаған ақша бөлдіріп, жұмыс істеген жаңа жобалар қаншалықты нәтиже беріп жатыр, ол жағы да жұмбақ күйінде қалды. Айтылғанының өзі халыққа түсінікті емес. Содан тағы көнілдерге күдік-кумән үялап, сенімсіздік пәнда бола бастады. Мұның бәрі сайып келгенде, ұлттық идеологияның, мемлекетке деген жанашырлықтың жоқтығынан болды.

Елдің әл-ауқатын арттыру үшін қыруар қаржы бөліп отырып, оған жанашырлық танытпадық. Мемлекеттің әрбір тынын өз қалтасындағы қаржыдай жанашырлықпен қарайтындаи ұлттық идеология, патриоттық сезім қалыптастыра алмағанымыз екінішті. Соның салдарынан мемлекеттен ұрлауды ғана мақсат тұтатын жемқор шенеуніктер армиясы қалыптасты. Ендігі жерде осы олқылықтың орнын толтырмасақ, кері кеткеніміз кеткен. Қоғам ашкөз болеа, оны ешқашан тойдыра алмайсың. Сол үшін ең алдымен ұлттық идеологияға басымдық беру керек.

**Кеңес БАЙЖАНОВ,
М.Әуезов атындағы
Онтустік Қазақстан
мемлекеттік
университетінің
ага оқытушысы,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының
кандидаты.**